

Сайрам ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2024 жылғы 5 сәуірдегі № 15-120/VIII шешімі

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365 бабы 3 тармағының 2) және 3) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №347 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24212 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі №377 "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Сайрам аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сайрам ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Сайрам ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

Ш.Халмұрадов

Сайрам аудандық мәслихатының

2024 жылғы 5 сәуірдегі

№15-120/VIII шешіміне 1-қосымша

Сайрам ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық жинақталу нормасы, м ³
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	0,826
	Жайлы емес үйлер		0,835
	Жатақханалар, интернаттар, балалар		

2	үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,203
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,261
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,130
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,297
6	Емханалар	1 келіп кету	0,029
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,111
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,135
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,261
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залдары	1 отыратын орын	0,036
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1м ²	0,022
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,074
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1м ²	0,08
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1м ²	0,172
15	Машиналардан сату	Сауда орны 1м ²	0,149
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1м ²	0,092
17	көтерме базалар, өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының қоймалары	Жалпы алаңы 1м ²	0,019
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі, халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1м ²	0,031
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1м ²	0,07
20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1м ²	-
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1м ²	0,138

22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	3,792
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,463
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	-
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,622
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1м ²	0,11
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1м ²	0,036
28	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,029
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1м ²	0,132
30	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,013
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-

Сайрам аудандық мәслихатының
2024 жылғы 5 сәуірдегі
№15-120/VIII шешіміне 2-қосымша

Сайрам ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (қосылған құн салығынсыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғын, айына	169
Жайлы емес үйлер	1 тұрғын, айына	171
Бірлік (көлеміне) жылдық тариф	1 м3	2450